

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 599 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 қарашада № 17766 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 91) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында оқитын және тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды үйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 30 маусымдағы № 414 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14079 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Е. Е. Ерсаинов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандығы
№ 599 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуекті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 91) тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда мынадай негізгі үгымдар пайдаланылады:

1) Білім беру саласындағы уәкілдегі орган – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі;

2) өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

3) тапсырыс берушілер (конкурсты үйимдастыруши) – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін үйимдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.07.2023 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.03.2024 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Тізбені қалыптастыру тәртібі

3. Занды күшіне енген сот шешімі негізінде конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тізбе осы Қағидаларға қосымшага сәйкес электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылады және:

- 1) конкурс женімпазы деп таныған жағдайда шарт жасасудан жалтарған;
- 2) олармен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған;
- 3) біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген өнім берушілер (әлеуетті өнім берушілер) туралы мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды беруші (әлеуетті берушінің) тарапынан бұзушылық фактілерін білген күнінен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өнім берушіні жосықсыз өнім беруші деп тану туралы сотқа жүгінеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) жосықсыз өнім беруші деп тану туралы күшіне енген сот шешімін алған күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде оны Тізбеке қосады және интернет-ресурсқа орналастыру үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.03.2024 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Уәкілетті орган Тізбені алған күннен бастап оны бір жұмыс күн ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырады.

8. Уәкілетті орган, өнім берушінің жосықсыз әлеуетті өнім беруші деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап оны 24 (жиырма төрт) ай мерзімге Тізбеке енгізеді.

9. Конкурсты ұйымдастыруши осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін өнім берушіні Тізбеден шығарады.

10. Жосықсыз өнім беруші деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы күшіне енген сот актісі болған жағдайда, жосықсыз өнім беруші туралы мәліметтері бар Тізбедегі жазбаны конкурсты ұйымдастыруши тиісті сот актісін алған күнінен бастап бір жұмыс күн ішінде алып тастайды.

11. Тізбе өзгерген кезде конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) үш жұмыс күн ішінде ақпаратты уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік оргта, техникалық
және кәсіптік, оргта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарында,
қосымша білім беретін
мектептен тыс ұйымдарда білім
алушыларды тамактандыруды
ұйымдастыру бойынша
көрсетілетін қызметтерді
және (немесе) тауарларды,
сондай-ақ мемлекеттік мектепке
дейнгі ұйымдарда, жетім
балалар мен ата-анасының
қамкорлығының қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарында тәрбиеленетін
және білім алатын балаларды
тамактандыруды камтамасыз
етуге байланысты тауарларды
жосықсыз берушілердің
(әлеуетті өнім берушілердің)

тізбесін қалыптастыру

қағидаларына

қосымша

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жосықсыз өнім беруші (әлеуетті өнім беруші) туралы ақпарат			Откізілген конкурс туралы мәліметтер	
	өнім берушінің (әлеуетті өнім берушінің) атауы	өнім берушінің (әлеуетті өнім берушінің) орналасқан жері	жеке сәйкестендіру номірі/ бизнес-сәйкестендіру номірі	конкурс корытындысын шығару күni	мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйимдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйимдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйимдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйимдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесі
	өнім берушінің (әлеуетті өнім берушінің) атауы	өнім берушінің (әлеуетті өнім берушінің) орналасқан жері	жеке сәйкестендіру номірі/ бизнес-сәйкестендіру номірі	конкурс корытындысын шығару күni	мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйимдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйимдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйимдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйимдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесі

арналған
білім беру
ұйымдарында
тәрбиеленетін
және білім
алатын
балаларды
тамақтандыру
д ы
қамтамасыз
е т у г е
байланысты
тауарлардың
атауы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК